

Қазақстан Республикасының оқу және білім министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Биотехнология кафедрасы

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

050727 «Азық-түлік тағамдары технологиясы» мамандық студенттеріне арналған «Азық-түлік тауарларын тану» пәні бойынша тәжірибелік жұмыстар

Павлода

Мазмұны

- 1 № 1 Практикалық жұмыс Ара балының сапасын экспресті әдіс арқылы зерттеу
- 2 № 2 Практикалық жұмыс Ет және ет өнімдері. Ет өнімдерінің экспертизасы
- 3 № 3 Практикалық жұмыс Шайдың ассортиментімен танысу және оның сапасын зерттеу
- 4 № 4 Практикалық жұмыс Табиғи кофенің ассортиментімен танысу және оның сапасын зерттеу
- 5 № 5 Практикалық жұмыс Дәмдегіш пен тамаққа қосатын қоспалардың ассортиментімен танысу және оның сапасын зерттеу
- 6 № 6 Практикалық жұмыс Шырындардың ассортиментімен танысу және оның сапасын зерттеу
- 7 № 7 Практикалық жұмыс Сыраның ассортиментімен танысу және оның сапасын зерттеу
- 8 № 8 Практикалық жұмыс Жүзім шараптарының ассортиментімен танысу және оның сапасын зерттеу

Кіріспе

Тәжірибелік жұмыстар пәннің құрама бөлігі болып табылады. Пәннің тақырыптық сүйенуі «Азық-түлік тауарларын тану» типтік жоспармен құрастырылған.

Жалпы пәннің мақсаты- қазіргі нарықтағы азық-түлік өнімдерінің рөлін, олардың сапасы мен тағамдық құндылығы, өндіру мен сақтау деген сияқты жалпы түсініктері бойынша студенттерге жеткізу.

Тәжірибелік жұмыстардың құрылымы келесі құрылымнан тұралы:

-дайындалу, сонымен қатар студенттердің және оқытушының оқу тапсырмаларын орындау реттілігі;

-тәжірибелік жұмысты орындау үшін берілетін негіз;

-Қорытынды сабақ. Ол бойынша оқытушы студенттің қаншалықты өздік жұмыстарға сабақтан тыс уақытта дайындалғанын тексереді;

Тәжірибелік жұмыс берілген талаптармен орындалуы тиіс. Жұмыстың қорытындысы мұғалімге беріледі және ол студенттің жұмысты қаншалықты сапалы орындағанын бағалайды.

1 Тәжірибелік жұмыс

Ара балының сапасын экспресті әдіс арқылы зерттеу

Сапа анализ әдісіне мен бағасына ұсақтағанда күрделі, ең анық жағдайына көңіл аудару керек:

Экспресті — сапа бағасын тездету әдісі, олар химиялық реакцияның негізгі көрсеткіштерін дұрыс көрсетеді. Бұл әдістер сатушы мен тұтынушы арасында келіспеушіліктер болған жағдайда әдіс түрі анықтап қарауға болмайды, сонымен қатар балды ресми органдардың сапа бағасын бағалағандағы түрі.

Стандартты — сапа бағасын берудің түрі, 8 лабораториялардан өткен және стандарттарға кірген мәліметтер.

Арбитражды — сапа бағасын берудің түрі, әр түрлі лабораториялардан өткен және сатушы мен тұтынушы арасында пайда болған келіспеушіліктерде пайда болады.

Экспертті — сапа бағасын берудің түрі, оригиналды әдістемелермен пайдаланылатын жоғары квалификациялы эксперттермен беріледі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, профессор).

Квалификация деңгейі мен эксперимент тазалығына, сапа әдісінің бағасына қарай:

Біртипті — сапа бағасын берудің түрі, олар массалық өнеркәсіпте тағам мен лабораторияларда өткізеді.

Дара — сапа бағасын берудің түрі, екпертизаның белгілі бір мақсатында қолданылады.

Анализ сапасының әдісіне қарай:

- органолептикалық (сенсорлы) — сапа бағасын берудің түрі, адамның сезім мүшелері арқылы берілетін сана анализдік бағасы.

- инструментальді (физико-химиялық) — сапа бағасын берудің түрі, ол приборлар мен химиялық әдістер арқылы қорытынды береді.

Ара балының сапа бағасын экспресті әдісі үлгінің біріңғай тексеру үшін пайдалы. Егер де таласу жағдайлары болған жағдайда ғана берілген мақсатқа жету үшін ең анық әдіс қолданылады.

1.1 кестеде экспресс-әдістер берілген, ол массалық сапа бағасын берген кезінде барлық стандарттарға сай келеді. Әдетте тағам өндірістерінде келген көптеген үлгілер болған жағдайда қолданылады. Ондай көлемдегі тауар сапасын бірнеше ай қажет болу керек еді, ал экспресс-әдіс арқылы 2-3 күн ішінде барлығын жасау мүмкіндік береді. Құрамында сахарозаның бар болуына көңіл аударуын сұраймын. Бұл стандартта әрі қарай ди-, три- және тетрасахаридтер ұғымдары бар болады, олар тұз қышқылы гидролизі негізінде пайда болады, олар моносахаридтерге дейін ыдырайды. Сондықта да балдың құрамында сахарозаның құрамы 0,5—2,0%. шындықтан аспайды.

1.1 кесте – Балдың осы стандарттарға сай келуінің экспресс-әдістері

Анықтау көрсеткіші	Экспресс-методтар
1. Иіс	Стақан ішіне 30-40 г. Балды салып, 10 минутқа қақпақпен жабады, су моншасына 45—50°C температураға қояды. Кейін қақпақты ашып, балдың иісін анықтайды.
2. Дәм	30—36°C температурада балды қыздырып, дәмін анықтайды.
3. Судың массалық бөлігі	<i>Салмақ арқылы.</i> 1 л. суға алдын-ала өлшенген суды құып, бутылкаға таңба жасап қоямыз. Суды ішіп, бутылканы кептіреді, ал кейін таңбаға дейін балмен толтырады. Оны өлшеп, балдың 1 л. анықтайды. 15°C 1 л бал 1409 г. артық болу керек. <i>Жабысқақтық арқылы.</i> Балды қасықпен алып, ось айнала айналдырады. ылғалдылығы нормалы піскен бал қасыққа оралынады, ал піспеген бал, су сияқты, қасыққа оралынбайды. Бұл әдісті 20°C температурада жасау керек.
4. Диастазды сан	Пробиркаға 7,5 мл. 10% бал ерітіндісін, 2,5 мл. дистилденген су, 0,5 мл. 0,58% ас тұзын, 5 мл 1% крахмалды қосып, пробкамен жабамыз, араластырып, бөлме температурасында 1 сағатқа суытуға қалдырады. Кейін 1 тамшы йод құйып, су моншасынан алып, тездетіп суық суда суытады. Егер де мұқият араластырудан кейін ерітінді әлсіз түсті немесе сары түсті болса, онда диастазды сан 7 бірлік Готеден асады.
5. Механикалық қосылыстар	50 г балды 50 мл. дистилденген суда ерітіп, 50°C температурада қыздырады. Кейін балды 100 мл. цилиндрге құяды, механикалық қосылыстар ара салмағына байланысты не үстінде, не астында қалқып жүреді.
6. Ашу көріністері	Балдың қышқылдылығы. Химиялық стақанға 100 мл. 10%-балдың сумен ерітіндісін құямыз, 5 тамшы 1%-тік спирттік фенолфтолеин ерітіндісін қосамыз, кейін 5 мл. 0,1%-тік улы натрийді қосамыз. Егер де ерітінді әлсіз түсті болса, онда бал жоғарғы қышқылдылықты, Қышқылдылық пайда болған жағдайда көбік пен қышқыл дәм пайда болады. Интенсивтілігі бүлінуіне байланысты болады.

1.2 кестеде ара балының табиғи жағдайын экспресс әдісімен анықталады, фальсификация мақсатында. Экспресс-әдістер маманға тек қана ара балын алдын ала фальсификацияланған ба екенін көрсетеді.

1.2 кесте - Ара балының натуралдылығын анықтаудағы экспресс-әдіс

Анықтау көрсеткіші	Экспресс-әдістер
Сахароза мен қант сиропын қосқанда	
1. Дәм	Табиғи бал ауыз қуысын тітіркейді. Бұл процесс балды жұтқанда пайда болады. Неғұрлым тітіркенулер жағдайлары көрінетін болса, соғұрлым ол сахарозамен фальсифицирленген.

2. Мөлдiрлiк	Табиғи бал ақуыз заттарынан ғана опалесценциялы (лайланушылық) бола алады. Ол процесс глюкоза кристалдарының пайда болуына себепші болады. Түссiз бал оның фальсификациялы екенiн көрсетедi.
Сiрне крахмалын қосқанда	
1. Декстринаға реакция	Балдың сумен ерiтiндiсiне (1:2 немесе 1:3 қатынасы) 96% этил спиртiн қосып, араластырамыз. Ерiтiндi ақшыл түске боялып, тұнбада әлсiз, түссiз масса (декстрины) шығады. Қышқылдық гидролизге түскен крахмал сiрнесiнiң қосылу кезiнде ерiтiндi түссiз болады, тек қана бал мен спирттiң арасында түссiз тұнба пайда болады, оны шайқағанда жоғалады.
2. Оксиметил-фурфуролға реакция	Фарфорлы ступкада 2-3 минут 3 г. бал мен 15 мл. эфир майын араластырамыз. Эфир сорып шығаруын құрғақ фарфорлы кесеге саламыз және жаңа 15 мл. эфирмен араластырамыз. Кейiн 2-3 тамшы резорцин қосамыз. Егер де 5 минуттың iшiнде қызыл немесе қызғылт түс пайда болса, онда қышқылдық гидролизге түскен крахмал сiрнесiнiң қосылу туралы бiлуге болады.
3. Йодқа реакция	Бал сынауын сумен 1:1 қатынасымен ерiтедi, кейiн 1 тамшы йодты қосамыз. Ерiтiндiнiң басқа түске өзгеруi крахмалдың не гидролиздiң болуын айтады.
Желатин мен желiм қосқанда	
1. Аммиакқа реакция	Бал ерiтiндiсiн қыздырамыз (сумен сiлтiнiң 1:2 қарым-қатынасы) және лакмуспен реакцияны сынаймыз. Егер де балдың құрамынжа желатин мен кiлегей бар болса, аммиак пайда болады, ол лакмус қағазының көгеруiне әкеледi.
Ұн мен крахмалды қосқанда	
1. Люголь ерiтiндiсiне реакция	5 г балға 5-10 мл. суды ерiтедi, кейiн қыздырады да, Люголь бiрнеше ерiтiндiсiнiң тамшыларын қосамыз. Ұн мен крахмалды қосқанда көк түс пайда болады.

1.3 кестеде ара балының ұзақ мерзiмге дейiн ұстауын бере алатын процесстiң бiр түрi болып келедi. Бұл әдiс ара балының сапасын жоғарғы деңгейiнде тұруына ықпалын тигiзедi (2 жылға дейiн). Мысалы, егер де сiзде бiр партия бал болса, және оның құрамында оксиметилфурфурол мен диастаз саны көп болатын болса, онда ондай балды технологиялық қайта өңдеуге және ұзақ мерзiмде сақтауға болмайды. Технологиялық қайта өңдеуi балдың жылытуы жоғарылап, оксиметилфурфурола құрамы асады, ал диастаза ферментi өз белсендiлiгiн жоғалтады. Сiздiң ара балының партиясы стандарттан тыс болады, яғни сәйкес келмейдi.

1.3 Кесте - Балдың сақталу мүмкiншiлiгiн анықтау әдiсi

Анықтау көрсеткіші	Экспресс-әдістер
1. Азат судың құрамы	<p>Химиялық қарындашқа реакция. Химиялық қарындашты балға малып, кейін ақ қағазға жазамыз. Егер де қарындаштан кейін дақ болса, онда балда азат су бар екені дәлел.</p> <p>Су өткіш қағаз. Балға осы қағазды салып, ылғал қағазда қалғанын қараймыз. Неғұрлым балдың құрамында судың көлемі көп болса, соғұрлым ол ашу процесіне ұшырауы мүмкін</p>

Осындай жағдайда, балдың сапасын анықтаудағы экспресс-әдісі адам өмірінде кең пайдалана алады. Бірақ та ол өз ісінде сатушы мен тұтынушы арасында ешқандай талас-тартысты болдырмау керек.

Жасанды бал

Жасанды бал өз кезегінде сиропты ұсынады, оның құрамында глюкоза мен фруктоза, гидролиз процесінен пайда болған сахароза (инверсия) болып табылады. Бұны 80 % қант қосылған ерітіндіде, (шамамен 0,2—0,5%) лимон немесе сүт қышқылын қыздырамыз. Бұл бал 10-20 % табиғи балдың немесе крахмал сірнесімен және ароматизаторлармен дәмдетуге болады. Сірне қосылған жасанды бал жүгері балы деп айтуға болады.

Жасанды бал – тамақ өнеркәсібінде бағалы өнім болып саналынады. Ол жағымды иісімен және жақсы қорытылуымен сипатталынады. Әр түрлі кондитерлік бұйымдардың құрымында қолданыла алады. Жасанды балдың түсі әрқашанда әлсіз түсті, ашық сары және сұр-сары түс болуы мүмкін. Құрғақ заттардың массалық бөлігі 78 %-дан аспау керек, сонымен қатар 60 % редуцир заттары.

Жасанды балға сонымен қатар дәрілік және дәмділік-ароматты өсімдіктерді қосады, ол берілген балдың дәрілік сапасын арттырады.

Табиғи балды жасанды балдан қалай айыруға болады: табиғи балда ферменттер және тозаңның жоқ болуы және де оксиметилфурфуролдың бар болуы.

Жасанды бал өзінің таралуын шетелдік елдерде көрді. Ол 1000 г. шыны және металл банкаларға сорттау және герметикалық орану керек. Бұл балды табиғи әдіс сияқты сақтайды, бірақ жарамдылық мерзімі 3 ай.

№2 Тәжірибелік жұмыс

Ет және ет өнімдері

I. Үй жануарларының ұлпалардың құрамымен танысу

Ет- малды сойып және алғашқы өңдеуден кейін алынатын және әртүрлі ұлпалар – бұлшық ет, жалғаушы, май, сүйек т.б жиынтығынан тұратын ұша бөлігі. Бұл жоғары құндылықты тамақтанудағы маңызды өнім.

Еттің тағамдық құндылығы ақуыздардың, майлардың, дәрумендердің, минералды заттардың мөлшерімен және қатынасымен және олардың адам ағзасына сіңу дәрежесімен сипатталады.

Етті ірі қара малды, шошқаларды, қой, ешкі, құс, жылқы және басқа жануарды сою арқылы алады.

Ет – бұлшық ет, май жалғаушы және сүйек ұлпалардың жиынтығынан тұратын сойылған мал ұшасы.

Малдың ұшасы – ол көптеген ұлпалардың құрама бөлігі: бұлшық етті, майлы, сүйекті, қан және т.б болып бөлінеді.

Бұлшық ет ұлпасы - еттің тағамдық құндылығын анықтайтын негізгі ұлпа болып табылады. Бұл ұлпа ірі ядролы бұлшық ет талшықтарынан тұрады, олар өзара жақын орналасқан және арасында жасушааралық заттар бар. Бұлшық ет ұлпаның дамуымен малдың семіздігін анықтайды. Ол көптеген физиологиялық функцияларды атқарады, сонымен қатар, қозғалу функциялары және қанайналым. *p* үлкен болса, онда еттің сапасы төмен, өйткені ол қаттылау болады.

Жалғаушы ұлпа бөлек ұлпаларды өзара және қаңқамен байланыстырады. Олар шеміршек, қабықша және сүйек ұлпасының негізін құрайды. Осы ұлпаның ақуыздары толық емес деп саналады.

Май ұлпасы арасында борпылдақ жалғаушы ұлпамен бөлінген май жасушаларынан тұрады. Май ұлпасы қандық сосудтармен құралған жалпы май ұлпаларының құрамы малдың жасы, түрі, жынысы, қоректену тәртібіне байланысты. Ол 0,6-дан 40% арсы болып саналады.

Оналасу жағдайына байланысты май ұлпасын теріасты(шошқаларда шпик деп атайды), ішкі және бұлшықетаралық деп бөледі.

Ішкі май ұлпалары жіпшелерде, бұлшықеттің ішінде пайда болады. Соның нәтижесінде «тегіс» ет пайда болады «Тегіс» ет жоғары тағамдық құндылықтармен және жоғары дәмдік қасиеттерімен танымал.

Сүйек ұлпасы көп өскіндері бар жасушалар мен фосфор қышқылы және көмірқышқылды кальций мен басқа минералды тұздармен сіңген сүйек коллагенінен тұрады. Осы ұлпаның тағамдық құндылығы жоғары емес. Ссүйектен сорпа, сүйек майын және сүйек ұнын алады. Сүйектерді келесі ретпен анықтайды: трубчатые, жазық және қысқа. Жалпы сүйек ұлпасының мөлшері 18—20% құрайды.

Шеміршек ұлтасы сүйектің үстін жабады, олардан қабырға шеміршегі, құлақ және басқа мүшелер.

Қан — өңделген қанды шұжық жасауда және емдік өнімдерді шығарғанда пайдаланады (гематоген, қан сары суы).

Ірі қара малда қанның мөлшері - 7,5%—8,3%; онымен — 4,5% тірі массадан.

Тапсырма №1

Жоғарыда берілген материалдың көмегімен ұлпаларға мінездеме бере отырып, нәтижелерді кестеге толтырыңыз:

Еттің негізгі ұлпалары	Негізгі ұлпалардың ықтимал мөлшері	Негізгі ұлпалардың түрлігі	Ұлпаларға қысқаша дәйектеме

Бақылау сұрақтары

1. «Ет» термині қандай мағына береді.
2. Еттің құрамына кіретін бөліктердің ұлпалардың атын атаңыз.
3. Ет ұлпаларының тағамдық құндылықтары мен құрылымның қасиеттерін көрсетіңіз.
4. Еттің «тегістігі» деп нені айтады.

Тапсырма №2

Ірі қара мал қаңқасынның суретін салыңыз. Оқытушы берген суретті алып ақ қағазға көшірме қағаз арқылы суретті түсіріңіз. Суреттің үстін қаламмен басыңыз да, сүйек қаңқасының суретін салыңыз.

Тапсырма №3

Ұй малы етінің ұлпалардың құрылымы мен қасиеттерімен танысыңыз.

Құрал-жабдықтар: микроскоп, заттық шынылар, ланцет немесе бритва, қара мал, қой және шошқа еттерінің үлгілері, 100—150 г, орамал.

Жұмыс барысы мен орындалу тәртібі:

1. Ет кесектерін жақсылап қараңыз да, бұлшықет және май ұлпаларының түсін байқаңыз.

2. ет үлгілерінің консистенциясын байқаңыз, қара мал, қой және шошқа еттерінің ұлпалардың тығыздығын салыстырыңыз.

3. Микроскоп көмегімен берілген еттердің ұлпаларының құрылымын байқаңыз.

Микроскопты жұмыс қалпына келтіріңіз (линзалардың тазалыған қарастыру, жарық берудің түсін, ұлғаю көлемін).

Микроскопиялық зертте үшін кесекті алыңыз. Ланцет немесе бритваны алып, етті жіпшелері бойымен кесіңіз.

Кесілген бұлшықетті заттық шыныға салып, олардың арасын қысыңыз. Сол қысымның арқасында қабықша пайда болады, оны микроскоп арқылы қарап көріңіз және суретін салыңыз.

4. Ұқсас болған малдардың ұлпаларын салыңыз да олардың құрылымын байқаңыз (қара мал, қой және шошқа еті)

5. микроскопты жақсылап сүртіп, ланцет пен заттық шыныларды

жуыңыз. Микроскопты қорапқа салып, лаборантқа тапсырыңыз.

II. жасы мен семіздігіне қарай ет категорияларымен танысу.

Тапсырма №1

Стандартты қоданып, сиыр етіне дәйектеме беріңіз. Қорытындыларды формаға жазыңыз:

Еттің жастық категориясы	Отличительные признаки							
	Бұлшықет ұлпасы			Жалғаушы ұлпасы			май	
	құрылымы	түсі	консистенциясы	құрылымы	түсі	консистенциясы	түсі	консистенциясы

Ескерту кестені келесі кезекпен орындаңыз: қара мал, жас ет, бұзау еті.

Тапсырма №2

Стандарт пен тауар тану оқулығын қолдана отырып, сиыр, қой және шошқа етіне дәйектеме беріңіз. Яғни, семіздік. Қорытындыларды кестеге толығымен жазыңыз:

Еттің аты	Семіздік категориясы	Бұлшықет дамуының құрылымы	Сүйектердің шығу дәрежесі	Майдың орналасу мен даму дәрежесі	Еттің клеймелеуі		
					Клеймнің формасы	орналасуы	Клеймілеу саны

Бақылау сұрақтары


1. Қандай еттің семіздік категориясы саудаға жіберілмейді, бірақ өнеркәсіптік өңдеуде қолданылады және неге?
2. Қандай ет «Б» қосымша маркілеуге ие?
3. Қандай қой еттері саудаға құйрықсыз әкелінеді және неліктен?
4. Қандай жартыжасты категориясы бар шошқа еті саудада сатуға тиым малынады және ол қалай маркіленеді?

3 Тапсырма

Күкіртсутек арқылы еттің балғандаған бағалау.

Тапсырмаға қасқаша шолу. Біріншілік кездегі шіруде етте аммиак пайда бола бастады. Содан кейін олар аминқышқылдарына айналады. Олар өзінің құрамында күкіртті (цистин и метионин) еңгізеді, содан олар күкіртсутек бөледі, ал оны қорғасын сіркесімен анықтауға болады. Қорғасын сіркесі

күкіртсутекпен қара түсті күкіртті қорғасын құрайды. Осы процес келесі реакция қатысында жүреді



Жұмысқа арналған құрал-жабдықтар: қорғасын сіркесі, кең аузы бар ыдыс. Тығын, тарызы, ланцет, сағат, 50 г кем емес ет кесегі.

Жұмысты барысы мен орындау тәртібі

1. 40г етті алып, ұсақтаңыз
2. кең ауызды ыдысты алып, тығынның астыңғы жағында кесіңіз, содан қорғасын сіркесіне батырылған фильтр қағазын салыңыз.
3. кең аузы бар ыдысқа ұсақталған етті салып, оны тығынмен жабыңыз. Содан оны 15 минутқа бөлме температурасында қалдырыа, содан еттің балғындығын анықтайсыз. Ол үшін, тығынды байқап шығарыңыз да, филът қағазына қараңыз, егер күрең түс болса онда, ол еттің балғындығы туралы ойлау керек, ал қара түсті болса, онда ол мүлдем балғын емес, еттің балғындығы туралы қорытынды жасаңыз.
4. төмендегі формаға нәтижелерін түсіріңіз:

Ет түрі	Үлгімен алынған көрсеткіштер			Еттің балғындығы туралы қорытынды
	Лакмус	Эбер реакциясы	Күкіртсутек	

Бақылау сұрақтары

1. Жаңа сойылған, піскен және жаңа бұзылған еттердің реакциясы қандай?
2. лакмус қағазының түсі жаңа сойылған, піскен және жаңа бұзылған еттердің қалай өзгереді.

III. Ознакомление с сортовой разделкой (разрубом) туш убойных животных и определение отрубов по сортам

Күйлігін бұлшықет ұлпаларының дамуы, сүйектердің шығыңқы болу дәрежесі мен майдың (теріасты, бұлшық аралық) жиналуы бойынша анықтайды.

Күйлігі бойынша бұзау еті, сүтті бұзау кәдімгі бұзау I,II категорияларға бөлінеді.

I категориялы бұзау етінде сүтті қызғылт түсті бұлшықеті қанағаттандырарлық даму керек, майы бүйрек және жамбас бөлігінде, қабырғаларында, санның әр жерінде жиналады. Арқа және белдеме омыртқаларының өскендері шықпау керек.


II категориялы бұзау етінде қызғылт түсті бұлшықеті қанағаттандырарлық дамыған бұлшық ет ұлпасына ие. Майы бүйрек және жамбас аймағында жиналады. Арқы және белдеме өскіндері сәл шығыңқы.

II категориядан төмен сиыр етін саудаға жібермейді.

Сиыр етін бөлу

Саудаға сиыр еті жарты ет пен ұшаның $\frac{1}{4}$ бөлігі болып әкелінеді. Олар кесінділер мен бөліктер.

Сиыр ұшасын 11 кесіндіге бөліп, 3 сортқа келтіреді. Етті бөлудің сызбасы дүкенде көрінетін жерде іліну керек. (1 сурет)



1 — кесінді еті; 2 — мойын; 3 — жауырынды кесінді; 4 — спинной отруб; 5 — белдемеб; 6 — жамбас –сан ; 7 — сирақ; 8 — шап еті; 9 — төс; 10 — алдыңғы сирақ; 11 — иық жағы

Сурет 1 - Сиыр етін бөлу (көтерме емес сауда орнында):

Кесінділердің анатомиялық көрсеткіштері:

Жамбас-сан — алдыңғы шекарасы белдеме арқылы, ал төменгісі — шап еті арқылы өтеді.

Жауырын - Бұл мүшенің ең жақсы сүйегінің артында және омыртқасының бойында орналасқан. Жауырын аймағында май жиналмайды, май негізінен сыртқы бетінде жиналады. Жауырын бойымен бұлшықеттерімен бірігіп кеткен тығыз жалғаушы қабықша өтеді.

Арқа мүшесі — омыртқаның өскенділері бойымен орналасқан бұлшықтары бар ұша бөлігі, қабырға үстінде қабатпен орналасқан, арқа бөлігінде май бұлшық бетінде және арсында жиналады.

Белдеме — ұшаның ең жақсы бөлігі ол филе бөлігінен, филе покровкасынан және ішкі филе шап етінен тұрады.

Иық асты бөлігі — арқа мүшесіне ұқсас, бірақ айырмашылықтары арқа омыртқасында бұлшықтар болады және сыртқы бетінде кебу қабықшасы мен тері асты майы болмайды.

Төс мүшесінде күйлі малдан алынған едәуір көп май бар. Төс мүшесінің артқы бөлігінде және олардың арасында тез пісетін жалғаушы ұлпа бар.

Шап еті негізінен жалғаушы ұлпадан тұрады. Май ішкі бөлігінде жинақталады, оның мөлшері майдың күйлігіне байланысты, бұлшықтар шап

етінде бірдей емес, сыртқы жағында олар жұқа болып келеді, тығыз және қатты.

Ет кесегі— кесінді сызығы 2 және 3 иық омыртқалары арқылы өтеді. Оларға 1 және 2 мойын омыртқалары кіреді.

Алдыңғы сирақ – негізінен жалғаушы ұлпаның етінен тұрады. Бұл мүшеден сілікпе мен сорпа жасайды.

Артқы сирақ — бұлшықет және май ұлпалары жоққа жақын бірақ сүйек және жалғаушы ұлпаның мөлшері жеткілікті болады, оның сапасы төмен болып табылады.


I сорт кесінділеріне ең жақсы мүшелер жатады – жамбас-сан, белдеме, арқа, жауырын, қол еті, төс жатады. Ұшаның жалпы массасы 88% құрайды.

II сорт кесінділеріне мойын және шап еті жатады. Бұл мүшелердің шығыны жалпы ұша массасының 7% құрайды.

III сорт кесінділеріне құндылығы төменірек мүшелер жатады. Оларға ауыз омыртқа, алдыңғы және артқы сирақтары жатады. Ол ұша массасының 5% құрайды.

Қой етін бөлу

Қой және ешкі саудаға бүтін ұша түрінде түседі. Сату алдында әр ұшаны көлденен 10-шы және 11-ші қабырға арасынан омыртқаларға перпендикуляр бағытта екі бөлікке бөледі – алдыңғы және сыртқы бөлігіне. әр жарты бөліктерін 6 мүшеге мүшелеп, ет сапасына байланысты 1-ші және 2-ші сортқа бөледі.



1— кесінді ет; 2 — сирақ; 3 — жасбас-сан; 4 — белдеме; 5 — жауырын- арқа мүшесі; 6 — мойын омыртқа

Сурет 2 - Қой және ешкі етін мүшелеу схемасы

I сортты кесінділерге арқа-жауырынды, белдеме және жасмас-сан еттерін жатқызады. Онда ұшаның 93% кіреді (сурет 2).

II сортты кесінділерге мойын омыртқа, қол, артқы сирағы жатады. Ұшаның 7% кіреді (сурет 2).

Шошқа етін бөлу

Шошқа етін 5 категорияға бөледі.

I категориялы шошқа еті (беконды) — қалыңдығы 1,5-см-дан 3,5 см-ге дейін шпик. Ұша массасы 53 бастап 72 кг.дейін.


II категориялы шошқа еті (етті-жас шошқа) —жас шошқалардың ұшалары, олардың массалары 39 бастап 86 кг-ға дейін теріде, 34-76 кг аралығында терісіз. Крупонсыз -37-80 кг аралығында. Шпиктің қалыңдығы 1,5 бастап 4,0 см.дейін. осы категорияға шошқа тектестерді де жатқызады. Олардың массасы – 12-38 кг теріде, терісіз – 10-33 кг. Шпиктің қалыңдығы 1,0 см.

III категории шошқа еті (семіз) — мұндағы ұшаның массасы ның шекарысы жоқ. Шпиктің қалыңдығы 4,1 см-ге және одан жоғары дейін жетуі мүмкін.

IV категориялы шошқа еті (өндірістік өңдеу) —терісіз 90 кг ұша, терідегі ұшаның массасы 98 кг, крупонсыз ұшаның массасы – 91 кг. Барлық ұшадығы шпиктің қалыңдығы 1,5 ден 4,0 см-ге дейін.

V категориялы шошқа еті (торпақ) — сүтті торпақтардың ұшалары, массасы 3-6 кг. .

IV және V категории, сонымен қатар мұздатылған шошқа еттері саудаға жіберілмейді.



1- жауырын; 2 — арқа мүшесі(корейка); 3 — сирағы; 4 — окорок;
5- шап еті мен белдеме; 6 —төс; 7 — мойын иық еті (рулька)

Сурет 3 - Шошқа етін мүшелуеу схемасы:

I сортқа жауырын, арқа мүшесі, төс, шап етімен бірге белдемесі және сан еті. Мүшелердің жалпы шығымы 96% құрайды (сурет 3).

II категориялы шошқа ұшасына қолы және сирақтары жатады. Олардың орташа шығымы – 4-6 % құрайды (сурет 3).

1 Тапсырма

Сиыр, шошқа, қой еттірін бөлудің сызбаларын дәптерге түсіріңіз.

Құрал-жабдықтар мен материалдар: малды бөлудің стандарттары, сауда орындарындағы ет ұшаларының бөлу сызбанұсқалары. Түрлі-түсті қарындаштар, калька, көшірме қағаз.

Жұмыс барысы мен орындау тәртібі:

2 жұмыстағы көрсетілген жұмыстар бойынша суретті салыңыз. 1 сорт қызыл қарындашпен, 2 сорт-жасыл, ал 3 сортты қара қарындашпен салыңыз.

әрбір кесіндіге рим цифрімен аттырын белгілеңіз.

2 Тапсырма

Жеке кесінділері бойынша сиыр, шошқа және қой еттерінің шығымдарын анықтаңыз. Олардың кулинарлық негізі мен сорттық көрсеткіштерін көрсетіңіз. Қоытындыны төменгі формаға түсіріңіз:

Ет түрі	Жартыұша немесе ұша массасы	Кесінділердің массасы мен аттары	Сорт, %			Кесінділердің кулинарлық негізі		
			1-ші	2-ші	3-ші	1-ші сорт	2-ші сорт	3-ші сорт

3 Тапсырма

Берілген ет ұшаларының сауда орындарында қай бағамен сатылатынын анықтаңыз.: I категория күйліктегі сиыр еті – 50 кг, семіз шошқа еті массамен -80 кг.

Бағаларды жақын орналасқан дүкендердің бағаларына сүйінумен анықтаңыз.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. 200 кг бар сиыр етінің 1,2,3 кесінділердің массалары қандай?
2. 180 кг бар шошқа етінің 1,2 сорттағы кесінділердің массасы қандай?
3. 70 кг бар қой етінің 1,2 сорттағы кесінділердің массасы қандай?
4. 1,3 сортты қой етінің кесінділердің массасы неше кг болады, 2 сорт кесіндінің массасы – 18 кг болса.
5. 1 сорттың сиыр етінің кесіндісі 20 кг болса, онда басқа кесінділердің массасын анықтаңыз.
6. егер барлық шығымы -47 пайыз болса, ал барлық ұша массасы 50 кг болса, онда 1,2,3 сортты кесінділердің әрқайсысының массасын анықтаңыз.
7. 380 кг бар шошқа ұшасының етінің 1 мен 2 сорт кесінділеріне қанша кг кіреді. Мұндағы шығым – 82 пайызды құрайды. Прейскурант арқылы барлық ұшаның бағасын анықтаңыз.
8. 3 сорт сиыр етінің кесіндісі 27 кг құрайды, 1 мен 2 категорияның кесінділерінің неше килограммы саудаға түсті?

№ 3 Практикалық жұмыс

Шайдың ассортименті мен сапасын зерттеу

Жұмыс мақсаты: Шайдың сапасын зерттеп және оның алынған нәтижелерін рәсімдеп үйрену.

Студентті сабаққа дайындау жұмысы: Тауартану кітабынан және лекциядан шайдың мінездемесін меңгеру.

Оқыту құралдары: табиғи шайдың үлгілері, каталогтары және жарнама-ақпараттық продукциясы.

Сабақты материалды қамтамасыз ету.

1. Табиғи шайдың әр түрлі үлгілері.
2. Ақ қағаз.
3. Фарфорлы шәйнегі (демдеуіштер).
4. Фарфорлы стақандар.
5. Шай қасығы.
6. (120+2)°С температурадағы кептіру шкафы.
7. (103+2)°С температурадағы кептіру шкафы.
8. Буландырғыш фарфорлы стақандар.
9. Бюксалар.
10. Эксикатор.
11. 10,25 см³ пипеткалар.
12. Аналитикалық және техникалық таразылар.
13. Асбест сеткасы.
14. Электрлік плита.
15. Электр шәйнегі.

1 тапсырма

Шайдың ассортиментінің меңгеру

Шайдың ассортиментінің каталогпен меңгеру , табиғи үлгімен және 1 кестені толтыру.

1кесте

Түрі	Типі	Торговые сорта	Өндіруші	Торговая марка	Буып-түюші

2 тапсырма

Шайдың буып-түюін және маркілеуін меңгеру.

2.1. Қораптың ахуалын, шай үлгілерінің маркілеу және таза салмағын дұрыс зерттеу. Нәтижелерін 2 кестеге енгізу.

2 кесте

Шай түрі	Типі	Қорап ахуалы	Маркілеу корсеткіштері	Таза салмағы, г	Жиналған және буып-түйілген күні	Сақтау мерзімі
			фактілік			

3 тапсырма

Шайдың органолептикалық бағасы

Құрғақ шайдың органолептикалық сапасын бағалау кезінде біріншіден сырт пішінін, содан соң оның хош иісін, дәмін, түсінің қарқындылығын,

түсінің анықтылығын анықтау үшін тұнбасын дайындау.

Сыртқы пішінін анықтау үшін үлгінің бір бөлігін қағазға себеді және қарап анықтайды:

- шайдың топтары (жапырақты, ұсақ немесе түйіршіктелген);
- біртектілік бояуы және шама бұрау деңгейі;
- типтерінің бар болуы;
- төменгі сортты шай және күзде жиналған шикізат мінездемесі ішінде шай қоқымы болуы;
- үлкен жапырақтар, талшықтар және басқа қоспалар жеткіліксіз тазартудан сұрыптаудан пайда болады.

Бұл саралау көрсеткіші қандай шикізаттан өнделген өнім, техникалық режим сақталынғаның, және де шайды бұрау және сорттау кезінде дұрыс үрдіс жүргенін анықтаймыз.

Сыртқы пішінін анықтау кезінде: шайда алтын түсті типсалар, қызыл талшықтар, ағаш қылшықтары, иірілмеген жапырақ пластинкасы, басқа қоспалар барма соған назар аудару керек. Алтын түсті типсалардың бар болуы жоғары сапалы шай екенін куәландырады.

Сұр түс типсаларының болуы шайды иірген кезде үйкелістің шамадан тыс болу нәтижесінде пайда болады.

Қара түс шамадан тыс кептіргенің көрсетеді.

Шайда талшықтар және қылшықтардың болуы, оны шикізаттың көлемі үлкен болуы және нашар сорттау себебінен туындайды.

Шай жапырағы дұрыс иірілмесе, қоспалар шайдың сапасына теріс ықпал етеді. Қара шайда иірілмеген жапырақтардың болуы, нашар ферментациялау әсерінен, онда жасыл түс сақталады және шайдың иісі мен дәміне кері әсер етеді. Қара шайда қызғылт және қоңыр иірілмеген жапырақтар кездесуі мүмкін, шай жапырағын қайта өңдеуге кешіктіру салдарынан иірілмейді және ферменттелмейді.

Шайда бөгде қоспалардың болуы рұқсат етілмейді, осындай өнім браққа шығарылған өнім болып саналады.

Пресстелген шайдың сырқы пішінін анықтағанда плитканың тікбұрыштығына назар аударады. Оның асты және үстіңгі беті тегіс, жарылмаған және зақымдалмаған болуы керек. Шай үгілмеуі керек. Кірпішті көк шайын сапасын бағалағанда бөгде қоспалар мен жапырақтардың болмауын тексереді. Кірпіш берік және қолға ұстағанда сынбауы керек. Кірпіште тауар белгісі және өндіріс маркасы болуы керек.

Дегустация тәслімен пісірілген жапырақтың иісін, дәмін, тұнба түзу қарқындылығын және түсін бағалайды.

Шайдың тұнбасын дайындау

Ол үшін 3г шайды өлшеп алады, форфорлы шәйнекке салады. Оған 125 см³ қайнаған су құяды, қақпағын жауып 5 мин тұндырады.

Қайнату уақыты біткен соң тұнбаны арнайы ақ фарфорлы шыныаяққа құяды, қайнатылған шаманың тұнбасы түспеу үшін. Шәйнекті бірнеше рет сілкиді, қою тұнбаларды шәшкеге толығымен ағызу үшін.

Шай тұнбасынан шайдың мінездемесін және дәмін, төккен кезде пісірілген жапырақтың иісін және түсін анықтайды.

Тұнба түсі

Шайдың тұнбасын түсін бағалағанда шайдың типіне сәйес келуін, қоюлығына, қарқындылығына, ашықтығына назар аударады.

Түсінің ашықтығы және мөлдірлігі сәйкес келуі жоғары сапалы шай екенін көрсетеді. Өлшенген ірі бөлігінен пресстелген шай ашық түс бермейді. Түсінің ашық және мөлдір болмауы төменгі сапалы шай екенін көрсетеді.

Қоңыр, қаралау, тұнбалы түс болуы техникалық режимнің бұзылуы болып есептеледі.

Тұтынушылар көбінесе «ащы» және «тұнба түсін» шатастырады, олардың бір-бірімен байланысы барын. Шын мәнінде олай емес екен.

Ащы тұнба шай жапырағындағы экстракттық заттардың мөлшерін анықтайды. Көптеген сорттары ашық тұнба береді, бірақ олар экстрактты болып табылады.

Шай тұнбасы жоғары сапалы, суығанда экстрактты заттар, катехин және кофеин қоспаларын түзеді.

«Шай кілегейінен» ащы шай пайда болады. Ашық түс шайдың жақсы сапасын көрсетеді, күңгірт түс кері әсерін береді.

Шайдың дәмі мен иісін анықтау

Шайдың дәмін және иісін тұнба түскеннен кейін 1-1,5 мин анықтайды. Осы уақытта қайнатылған жапырақ шәйнекте аздап суыйды, осы жағдай иісін анықтауға мүмкіндік береді. Ыстық кезінде дәмін анықтау мүмкін емес. Шай қаншалықты тез суыса, соншалықты тез оның иісін сезу қиын болады. Қайнатылған жапырақ суыған кезде жоғағы сапалы шайдың және төменгі сапалы шайдың иісінен айыру мүмкін емес.

Титестерті тәжірибеде арнайы терминологияда сапасы жақсы шайдың иісін анықтайды:

- қызғылттау,
- шырайлы,
- балды,
- цитрусты,
- бүлдірген, және қарақат қоспаларының иісі және т.б.

Шайдың сортына байланысты хош иісті, нәзік, жұмсақ, жанға жағымды немесе әлсіз иісі болады.

Жағымсыз иістердің шайдың хош иісінде пайда болуы дұрыс сақталмауынан немесе технологиясының бұзылуынан:

- түтін иіс,
- күйген иіс,
- шөп татитын иіс,
- дымқыл, зең, қышқыл иісі,
- әртүрлі бөгде иістер.

Қайнатылған жапырақ түсін бағалау шайдың сапасын көрсетеді.

Қайнатылған жапырақты шәйнектен қақпағына ауыстырады, оны екі

саусақпен сығады, жапырақтың түсін және бояудың біртектілігін анықтайды.

Жоғары сапалы қара шайдың қайнатылған жапырағының түсі ашық балды түс болады. Қара-қоңыр, жасыл және күңгірт реңдер кемістігін көрсетеді.

Жақсы қара шайдың түсі ашық-қоңыр; көк шайда – жасыл-сарыдан қызғылтқа дейін.

Қара түс артық ферментациялау және шамадан тыс шай жапырағын демдеудің әсері; ал көк түс – ферментация жетіспеушілігінен болады.

Шай сапасының органолептикалық көрсеткішін 3.5 кестеге енгізіңдер.

Тапсырма 4

Шайдың массасындағы ылғалдың мөлшерін анықтау

Шайдың қапталмаған массасының ылғалдығы 7%, қапталған- 8% көп емес. Осы көрсеткіштердің жоғары болуы кемістігін тудырады: хош иісі жоғалады, зең пайда болады.

Шай массасының 3г, 0,001г қателікпен өлшеп, бастапқы бюксаны дайындау. Ашық бюксаны температурасы (120+2)°С кептіру шкафында қыздырамыз. Осы сынаманы бір сағат кептіреді, содан соң бюксаны қақпақпен жауып, эксикаторда суытып және өлшейміз. Сынаманы өлшеп алған соң тағы бір рет дәл сондай температурада қыздырамыз.

Ылғалдың мөлшерін процентпен осы формуламен есептейміз:

$$X_1 = \frac{(m_1 - m_2) \cdot 100}{m_3}, \%$$

